

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 11 желтоқсандағы заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 12 ақпандағы N 19-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі және " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 11 желтоқсандағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 2 а қ п а н д а ғ ы
N 1 9 - ө ө к і м і м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 11 желтоқсандағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с N	Нормативтік құқықтық актілердің атауы	Актінің нысаны	Жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5

1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 84 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰБ /жинақтау/ Қаржымині	2007 жылғы ақпан
2	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 наурыздағы N 269 қаулысына толықтыру енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ (жинақтау) ЭБЖМ Қаржымині	2007 жылғы ақпан
3	Білім алатын тұлғаның тұруына және тамақтануына арналған шығыстардың нормаларын белгілеу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ (жинақтау) ЭБЖМ Қаржымині	2007 жылғы ақпан
4	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 1312 қаулысының күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2007 жылғы ақпан
5	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 392 қаулысына толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині (жинақтау) Қаржымині ЭБЖМ	2007 жылғы ақпан
6	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 30 қазандағы N 1378 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині (жинақтау) Қаржымині ЭБЖМ	2007 жылғы ақпан
7	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭБЖМ	2007 жылғы ақпан
8	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысына толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Еңбекмині (жинақтау) Қаржымині ЭБЖМ	2007 жылғы ақпан
9	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 683 қаулысына толықтыру енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Еңбекмині (жинақтау) Қаржымині ЭБЖМ	2007 жылғы ақпан
10	Фильтрлі сигареттерге ең төменгі бөлшек сауда бағасын белгілеу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині (жинақтау) ЭБЖМ	2007 жылғы ақпан
11	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2007 жылғы ақпан
12	Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы	Қаржымині СК-нің бұйрығы	Қаржымині	2007 жылғы ақпан
13	Жеке табыс салығын есептеу мен ұстап қалу және әлеуметтік салықты есептеу ережесін бекіту туралы	Қаржымині СК-нің бұйрығы	Қаржымині	2007 жылғы ақпан
14	Арнайы салық режимдерінде көзделген өтініштер мен	Қаржымині СК-нің бұйрығы	Қаржымині	2007 жылғы ақпан

	патенттердің нысандарын бекіту туралы			
15	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2003 жылғы 23 желтоқсандағы N 530 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қаржымині СК-нің бұйрығы	Қаржымині	2007 жылғы ақпан
16	Жеке кәсіпкердің, жеке нотариустың, адвокаттың қызметін уақытша тоқтата тұру туралы өтініштің нысанын бекіту туралы	Қаржымині СК-нің бұйрығы	Қаржымині	2007 жылғы ақпан
17	Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан экспорт режимінде тауарды әкету фактісін кеден органдарының растауы туралы мәліметтердің нысанын және оларды ұсыну тәртібін бекіту туралы	Қаржымині СК-нің бұйрығы	Қаржымині	2007 жылғы ақпан

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы :

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Қаржымині СК - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті

ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі